

## ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісін тағайындау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 сәуір N 515 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қарашадағы N 1648 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісінің міндеті Қазақстан Республикасының Экономика министрі **Ө.Е. Шөкеев**ке жүктелсін.

2. ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісінің орынбасары болып Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары **Ж.Ж. Ертілесова** белгіленсін.

3. "ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 49 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 34-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

**Н.Қ. Есенғарин** ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісі міндетінен босатылсын;

басқа жұмысқа ауысуына байланысты **А.А. Тілеубердин** ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісінің орынбасары міндетінен босатылсын.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі